

"Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің шекаралық және өзге де ведомстволарының сыртқы шекараларда дағдарыстың жағдай туындаған кезде және оны реттеуде (жоюда) көмек көрсетуде өзара іс-қимылды ұйымдастыру жөніндегі ережені бекіту туралы хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 17 қыркүйектегі N 854 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің шекаралық және өзге де ведомстволарының сыртқы шекараларда дағдарыстық жағдай туындаған кезде және оны реттеуде (жоюда) көмек көрсетуде өзара іс-қимылды ұйымдастыру жөніндегі ережені бекіту туралы хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Жоба

Қазақстан Республикасының Заңы

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің шекаралық және өзге де ведомстволарының сыртқы шекараларында дағдарыстық жағдай туындаған кезде және оны реттеуде (жоюда) көмек көрсетудегі өзара іс-қимылды ұйымдастыру жөніндегі ережені бекіту туралы хаттаманы ратификациялау туралы

Душанбе қаласында 2007 жылғы 5 қазанда қол қойылған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің шекаралық және өзге де ведомстволарының сыртқы шекараларда дағдарыстық жағдай туындаған кезде және оны реттеуде (жоюда) көмек көрсетудегі өзара іс-қимылды ұйымдастыру жөніндегі ережені бекіту туралы хаттама ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің шекаралық және өзге де ведомстволарының сыртқы шекараларда дағдарыстық жағдай туындаған кезде және оны реттеуде (жоюда) көмек көрсетуде өзара іс-қимылды ұйымдастыру жөніндегі ережені бекіту туралы

ХАТТАМА

Ресми расталған мәтін

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттер ,

халықаралық құқықтың көпшілік мойындаған қағидалары мен нормаларын, сондай-ақ Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының негіз болатын құжаттарын басшылыққа ала отырып ,

бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау Тараптардың экономикалық және әлеуметтік-саяси дамуын қамтамасыз ететін ажырамас шарты болып табылатындығын мойындай келе ,

1996 жылғы 17 мамырдағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттері шекара әскерлерінің сыртқы шекараларда дағдарыстық жағдай туындаған кездегі өзара іс-қимылдары туралы Келісімді одан әрі іске асыру мақсатында,

төмендегілер туралы келісілді:

1. Қоса беріліп отырған Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің шекаралық және өзге де ведомстволарының сыртқы шекараларда дағдарыстық жағдай туындаған кезде және оны реттеуде (жоюда) көмек көрсетуде өзара іс-қимылды ұйымдастыру жөніндегі ереже бекітілсін (бұдан әрі - Ереже).

2. Осы Хаттама депозитарийдің Тараптардың қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағандығы туралы үшінші хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді. Осындай рәсімдерді кеш орындаған мемлекеттер үшін ол депозитарийден тиісті хабарламалар алған күнінен бастап күшіне енеді.

3. Ережеге осы Хаттаманың 2-тармағында қаралған тәртіппен күшіне енетін жеке хаттамамен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

4. Осы Хаттама күшіне енгеннен кейін басқа мемлекеттердің қосылуы үшін ашық. Қосылатын мемлекеттер үшін ол депозитарийдің тиісті хабарламаны алған күнінен бастап 30 күн өткеннен кейін күшіне енеді.

5. Тараптардың әрқайсысы осы Хаттамадан шығуға дейін 6 айдан кем емес уақытта ол туралы депозитарийге жазбаша хабарлама жолдап шығуына болады. Осы Хаттамадан шығу мемлекетті осы Хаттаманың Тарабы бола отырып, өздері алған қаржылық міндеттемелерінен босатпайды.

2007 жылғы 5 қазанда Душанбе қаласында орыс тілінде бір түпнұсқалық данада жасалды. Түпнұсқалық дана Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Атқарушы комитетінде сақталады, ол осы Хаттамаға қол қойған әрбір мемлекетке оның расталған көшірмесін жібереді.

Әзірбайжан Республикасы үшін
Армения Республикасы үшін
Беларусь Республикасы үшін
Грузия үшін
Қазақстан Республикасы үшін
Қырғыз Республикасы үшін

Молдова Республикасы үшін
Ресей Федерациясы үшін
Тәжікстан Республикасы үшін
Түркіменстан үшін
Өзбекстан Республикасы үшін

Украина үшін

2007 жылғы 5 қазандағы
Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына
қатысушы мемлекеттердің шекаралық
және өзге де ведомстволарының сыртқы
шекараларда дағдарыстық жағдай туындаған
кезде және оны реттеуде (жоюда) көмек
көрсетуде өзара іс-қимылды ұйымдастыру
жөніндегі ережені бекіту
туралы Хаттамаға Қосымша

**Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің
шекаралық және өзге де ведомстволарының сыртқы шекараларда
дағдарыстық жағдай туындаған кезде және оны реттеуде (жоюда)
көмек көрсетуде өзара іс-қимылды ұйымдастыру туралы
ЕРЕЖЕ**

Осы Ереже ұйымдастыру негіздерін және сыртқы шекараларда дағдарыстық жағдай туындаған кезде және оны реттеуде (жоюда) өзара көмек көрсетудегі ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің шекаралық және өзге де ведомстволарының өзара іс-қимылда көмек көрсету тетігін белгілейді.

1. Жалпы ережелер

1.1. ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің сыртқы шекараларда дағдарыстық жағдай туындаған кезде және оны реттеуде (жоюда) халықаралық құқықтың көпшілік мойындаған қағидалары мен нормалары, ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің заңнамалары, БҰҰ Жарғысы және басқа да, оның ішінде ТМД шеңберінде жасалған халықаралық шарттар (келісімдер), сондай-ақ осы Ереже іс-қимылдың құқықтық негізі
б о л ы п т а б ы л а д ы .

1.2. Осы Ережеге қатысты терминдер (анықтамалар) мыналарды білдіреді:

"сыртқы шекаралар" - ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ТМД-ға кірмейтін мемлекеттермен мемлекеттік шекара учаскелері;

"дағдарыстық жағдай" - сыртқы шекаралар учаскелеріндегі жағдайды тұрақсыздандыратын және оны тұрақтандыру үшін ұжымдық шаралар қабылдауды талап ететін әскери-саяси және әлеуметтік шиеленістер жиынтығы;

"дағдарыстық жағдайды реттеу (жою)" - Тараптардың дағдарыстық жағдайды оқшаулап шектеуге, тұрақтандыруға және жоюға бағытталған, кезек күттірмейтін келісілген ұйымдастырушылық және тәжірибелік шаралар кешені;

"Тараптар" - осы Ережеде көрсетілген келісілген іс-шаралар кешенін өткізуге қатысушы ТМД-ға қатысушы мемлекеттер;

"сұрау салушы Тарап" - оның сыртқы шекарасындағы учаскеде дағдарыстық жағдай туындаған кезде көмек көрсету туралы сұрау салумен өтініш білдірген Тарап;

"сұрау салынушы Тарап" - сұрау салушы Тарап өзінің сыртқы шекарасындағы

учаскеде туындаған дағдарыстық жағдайды реттеу (жою) жөнінде көмек көрсету туралы өтініш жасаған Тарап;

"кабылдаушы Тарап" - сыртқы шекарасында құрылған топтастықтың күштерімен дағдарыстық жағдайды реттеу (жою) жөніндегі міндеттер шешілетін Тарап;

"бағыттаушы Тарап" - сұрау салушы Тараптың сұрауы бойынша топтастықтың құрамына шекаралық және өзге де ведомство құралымдарын жолдайтын Тарап;

"құзыретті органдар" - осы Ережені жүзеге асыру бойынша мәселелерді шешуге уәкілетті Тараптардың мемлекеттік билік органдары;

"шекаралық ведомстволар" - ТМД-ға қатысушы мемлекеттер заңнамаларына сәйкес осы құжаттың мақсаттары үшін олардың мемлекеттік шекараларын қорғау және күзету функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік құрылымдар;

"өзге де ведомстволар" - дағдарыстық туындаған кезде және оны реттеуде (жоюда) Тараптар өзара іс-қимыл жасауға уәкілетті мемлекеттік органдар;

"мандат" - уәкілеттікті, топтастық құрамын, дағдарыстық жағдайды реттеудің (жоюдың) міндеттері мен мерзімдерін, топтастықты енгізу-шығару тәртібін айқындайтын құжат;

"топтастық" - Тараптардың дағдарыстық жағдайды реттеу (жою) үшін жіберген, шекаралық және өзге де ведомстволардың күштері мен құралдарының жиынтығы;

"Біріккен штаб" - тікелей топтастықты басқаруға арналған уақытша басқару органы;

"топтастық мәртебесі" - дағдарыстық жағдайды реттеу (жою) мақсатында кабылдаушы тараптың аумағында уақытша тұрған Тараптар құралымдарының құқықтық жағдайы;

"топтастықтың жеке құрамы" - Тараптардың шекаралық және өзге де ведомстволары құрамында қызмет өткеріп жүрген әскери қызметшілер, сондай-ақ топтастық құрамына кіретін немесе азаматтық мамандар ретінде құралымдарға уақытша жіберілген, әскери бөлімдерде, ұйымдарда және мекемелерде жұмыс істейтін азаматтық тұлғалар (азаматтық персонал);

"дағдарыстық туындаған кездегі және оны реттеудегі (жоюдағы) өзара іс-қимыл - Тараптардың дағдарыстық жағдайларды барынша тиімді реттеуге (жоюға) арналған шекаралық және өзге де ведомстволарының мақсаттары, міндеттері, тәсілдері, орны мен уақыты бойынша келісілген бірлескен іс-қимылдары;

"өзара іс-қимылды ұйымдастыру" - Тараптардың шекаралық және өзге де ведомстволарының келісімі бойынша басқару және қамтамасыз ету, сондай-ақ дағдарыстық жағдайларды реттеу (жою) міндеттерін бірлесіп орындау кезінде олардың күш-жігерлерін біріктіруде Тараптар алдын ала өткізетін өзара байланысты іс-шаралар кешені;

"құралымдардың жылжымалы мүлкі" - Тараптардың меншігі болып табылатын штаттық (табельдік) әскери-техникалық мүлік, қару-жарақтардың, әскери

техникалардың барлық түрлері, құралымдардың қызмет атқаруы үшін қажетті көліктік және басқа да материалдық-техникалық құралдар;

"жылжымайтын мүлік (жылжымайтын мүлік объектілері)" - жер учаскелері және оларда орналасқан казармалар және өзге де тұрғын үй-жайлар, коммуналдық имараттар, әскери кәсіпорындар (мекемелер), теміржолдың кірме жолдары, аэродромдар, оқу орталықтары мен полигондар, басқарудың стационарлық пункттері және байланыс тораптары, радиотехникалық және навигациялық қамтамасыз етудің стационарлық құралдары, арсеналдардың, сақтау базаларының, қоймалардың және қабылдаушы Тараптың меншігі болып табылатын және оның келісімімен басқа Тараптар құралымдарының пайдалануында уақытша тұрған басқа да инфрақұрылымдық объектілердің ғимараттары мен имараттары.

II. Ұйымдастыру негіздері және өзара іс-қимыл тетігі

2.1. Әрбір Тарап өзінің заңнамасына сәйкес дағдарыстық жағдайды реттеу (жою) бойынша міндеттерді орындау мақсатында құралымдарды топтастықтың құрамына енгізу үшін алдын ала белгілейді. Сыртқы шекаралардағы ахуал туралы ақпаратты қорытындылауды Шекара әскерлерінің қолбасшылары Кеңесінің Үйлестіру қызметі жүзеге асырады және дайындалған материалдарды Тараптардың шекаралық ведомстволары басшыларына жібереді.

2.2. Топтастықтың күштері, құралдарының қажеттілігі мен олардың келу шарты әрбір нақты жағдайда шешілетін міндеттеріне сәйкес анықталады және уағдаластық бойынша нақтылануы мүмкін.

Дағдарыстық жағдайды реттеу (жою) міндеттерін орындау үшін Тараптар күштері мен құралдарын алдын ала дайындайды, оған:

Тараптардың шекаралық және өзге де ведомстволары өзара іс-қимыл жоспарларын әзірлеу және уақтылы анықтау;

топтастықтың құрамы мен санын белгілеу, оны қару-жарақпен және әскери техникамен, материалдық және техникалық құралдармен қамтамасыз ету;

дағдарыстық жағдайды реттеу (жою) бойынша алдын алу сипатындағы бірінші кезектегі шараларды жоспарлау және ұйымдастыру;

басқаруды, хабарлауды және топтастықты жан-жақты қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

дағдарыстық жағдайды реттеу (жою) кезінде жеке құрамның іс-қимылға моральдық-психологиялық дайындығын қамтамасыз етуге бағытталған жұмысты өткізу к і р е д і .

2.3. Тараптардың шекаралық және өзге де ведомстволарының өзара іс-қимылы мынадай мақсаттарда жүзеге асырылады:

дағдарыстық жағдайды реттеу (жою) кезінде қалыптасқан жағдайды болжау, бірлескен іс-шараларды өткізу және қамтамасыз ету кезінде іс-қимылдарды үйлестіру; іс-қимыл күштері мен құралдарының міндеттері, бағыттары, шептері және уақыты

бойынша жалпы тәртібін, жүйелілігін және нақты тәсілдерін жасау;
топтастық құралымдары барлық басшыларының дағдарыстық жағдайының әртүрлі шарттарында мақсаттарды, міндеттерді және іс-қимыл жасау тәсілдерін түсінулеріне қатысты бірыңғай көзқарастарды анықтау;
дағдарыстық жағдайдың болжамды дамуын ескере отырып, бірлескен іс-қимылдар н ұ с қ а л а р ы н к е л і с у ;
дағдарыстық жағдайды реттеу (жою) бойынша іс-қимылдарға тартылатын барлық күштер мен құралдардың өзара бірлескен іс-қимылдарын жан-жақты қамтамасыз ету і с - ш а р а л а р ы н қ а л ы п т а с т ы р у ;
топтастықтың дағдарыстық жағдайды реттеу (жою) бойынша міндеттерді о р ы н д а у ы н қ а м т а м а с ы з е т у ;
шекара қызметінің күшейтілген режимде дағдарыстық жағдайды реттеу (жою) кезеңінде сыртқы шекара учаскелерінің күзетін қамтамасыз ету;
Тараптардың аумағына енген террорлық топтар мен заңсыз қарулы құралымдарды і з д е у ж ә н е ж о ю ;
шектес мемлекеттер азаматтарының Тараптар аумағына жаппай рұқсатсыз өтуінің жолын кесу, дағдарыстық жағдай туындаған сыртқы шекара учаскелері арқылы босқындардың өткізілуін ұйымдастыру;
арнайы шекаралық операцияларды, кешенді жедел іздестіру және сақтандыру і с - ш а р а л а р ы н ж ү р г і з у ;
Тараптардың мемлекеттік шекаралары арқылы жарылғыш заттарды, қаруды, жарғыш құрылғыларды, қару-жарақ пен оқ-дәрілерді заңсыз алып өтуінің алдын алу;
Тараптардың мемлекеттік шекаралары арқылы олардың аумақтарына терең енген террорлық топтар мен оларға қатысты адамдардың қозғалыс бағыттарын анықтау және б ү р к е м е л е у .

2.4. Өзара іс-қимыл дағдарыстық жағдайды реттеуге (жоюға) қатысушы Тараптардың шекаралық және өзге де ведомстволары арасындағы өзара іс-қимылдың мақсаттары, міндеттері, орындары (объектілері), уақыты, бағыттары және нұсқалары бойынша ұйымдастырылады. Барынша егжей-тегжейлі өзара іс-қимыл ең жақын міндеттер мен басты күш салуды жұмылдыру бағыттарын орындау кезінде ұ й ы м д а с т ы р ы л а д ы .

2.5. Өзара іс-қимылдың бірлескен жоспарларын әзірлеуді Тараптардың шекаралық және өзге де ведомстволары алдын ала жүзеге асырады.

Өзара іс-қимыл жоспарының түпкі мақсатына:
дағдарыстық жағдайды реттеу (жою) тәртібі;
дағдарыстық жағдайдың дамуы мүмкін аудандарындағы сыртқы шекара күзетінің т ә р т і б і ;
сыртқы шекара күзетінің уақытша шептері және олардағы іс-қимыл тәртібі;
Тараптардың шекаралық және өзге де ведомстволары бөлімшелерін, сондай-ақ

жергілікті тұрғындарды қауіпсіз аудандарға шығаруға арналған бағыттар;
дағдарыстық жағдайдың салдарларын жою тәртібі;
шекара өкілділігі жұмысы бойынша міндеттер және іс-шаралар кіреді.

Өзара іс-қимыл жоспары картада түсіндірме жазбамен әзірленеді және екі данада ресімделеді. Бірінші дана қабылдаушы Тараптың шекаралық ведомствосында болады, екіншісі ол әзірленгеннен кейін Біріккен штабқа тапсырылады. Қажет болған жағдайда өзара келісім бойынша даналардың саны одан да көп болуы мүмкін.

Картада графикалық түрде:
дағдарыстық жағдайдың ықтимал дамуы;
топтастықтың ықтимал құрамы;
жауапкершілік учаскелері (аудандары), топтастық бөлімшері орналастырылатын о р ы н д а р ;

дағдарыстық жағдайды реттеу (жою) кезіндегі топтастықтың және өзара бірлесіп іс-қимыл жасайтын бөлімшелердің құрамы, міндеттері және іс-қимылдың ықтимал с и п а т ы ;

топтастық бөлімшелерінің дағдарыстық жағдайын реттеу (жою) үшін бөлінген жылжу бағдарлары, кездесу пункттері, орындары және шоғырлану уақыты;
басқару пункттерінің өрістеу орындары;

іс-қимыл учаскелеріндегі (аудандарындағы) инженерлік бөгеттердің орналасу о р ы н д а р ы ;

Тараптардың құрамы, орналасу орындары және резервтерді қолдану тәртібі;
дағдарыстық жағдайдың ерекшелігімен алдын ала келісіп алынған басқа да мәселелер көрсетіледі.

2.6. Тараптардың күнделікті қызмет жағдайында өзара іс-қимыл:
дағдарыстық жағдайды реттеу (жою) тәртібін регламенттейтін құжаттарды әзірлеуге бірлесе қатысу;

өзара іс-қимыл жоспарларын пысықтау бойынша бірлескен жаттығуларды, о қ у - ж а т т ы ғ у л а р ы н ө т к і з у ;

дағдарыстық жағдайды реттеу (жою) бойынша, оның ішінде басқару және жан-жақты қамтамасыз ету мәселелері бойынша міндеттерді орындау кезінде бірлескен і с - қ и м ы л д а р д ы к е л і с у ;

Тараптардың құзыретіне жататын ақпаратпен өзара алмасу;
басқару органдарын дағдарыстық ахуал жағдайларындағы іс-қимылдарға үйрету;
дағдарыстық жағдайдың алдын алу мен реттеу (жою) мәселелері бойынша тәжірибе а л м а с у ;

өзара іс-қимыл жоспарларын бірлесе әзірлеу (нақтылау) және басқа да мәселелерді ш е ш у ж о л ы м е н ұ й ы м д а с т ы р а д ы .

2.7. Тараптар құралымдарын бірлесе дайындау жаттығуларды, командалық-штабтық және жедел-тактикалық оқу-жаттығуларды өткізу барысында

ж ү з е г е

а с ы р ы л а д ы .

Тараптар өзара уағдаластық негізінде құралымдардың бірлескен оқу-жаттығуларын өткізе алады, оның барысында дағдарыстық жағдайды реттеу (жою) бойынша ықтимал іс - қимылдарды пысықтайды .

2.8. Тараптардың біреуінің сыртқы шекараларының қандай да бір учаскелерінде дағдарыстық жағдай туындаған немесе оның қаупі туындаған жағдайда оның өтініші бойынша немесе басқа Тараптардың өтініштері бойынша осы учаскелерде кідірместен тұрақты жағдайды қамтамасыз етудің кешенді шараларын анықтау мақсатында консультациялар өткізіледі .

2.9. Тараптардың консультациялары құзыретті органдар өкілдерінің жұмыс кездесулерін өткізу жолымен немесе оларды қызықтыратын сұрақтар бойынша құжаттық ақпарат алмасу түрінде өткізіледі .

2.10. Сұрау салушы Тарап және/немесе басқа Тараптар өздерінің кеңес өткізу туралы ниеттерін Тараптарға қажетті негіздемелермен жазбаша хабарлайды.

Өтініштерде (ұсыныстарда) талқылау үшін енгізілетін мәселелер тізбесі, консультацияның мақсаты, қатысушылардың құрамы мен олардың өкілеттіктері, кездесудің нысаны, уақыты және өткізілу орны, консультацияның болжамды ұзақтығы.

2.11. Сұрау салушы Тарап өтініш білдіріп отырған Тараптар және/немесе басқа Тараптар болжамды қысқа мерзім ішінде келіп түскен ұсыныстардың мәні бойынша дәлелді жауап береді .

Консультация барысында талқылануы болжамдалған құжаттар жобаларының алды ала дайындығын сұрау салушы Тарап жүзеге асырады.

Консультациялар сұрау салушы Тараптың аумағында өткізіледі. Олардың өткізілуіне байланысты шығыстар, сұрау салушы Тарап есебінен жүзеге асырылады.

Консультациялар құпиялық негізде өткізіледі. Болып өткен консультациялық кездесу және оның нәтижелері туралы ақпаратты бұқаралық ақпарат құралдарына беру немесе оның өзге де жириялануы туралы шешімді Тараптар келіседі және қабылдайды.

2.12. Дағдарыстық жағдайды реттеу (жою) туралы шешімді мандатты бекітетін Хаттаманың қатысушы мемлекеттерінің басшылары қабылдайды және топтастықты тікелей басқару үшін топтастықтың басшысын (қолбасшысын) тағайындайды.

2.13. Топтастықтың басшысы (қолбасшысы) сұрау салушы Тараппен келісім бойынша дағдарыстық жағдайдың дамуы мен күрделілігіне байланысты Біріккен штабтың құрылымын, құрам санын, оның бөлімшелерінің міндеттері мен функцияларын анықтайды .

Біріккен штаб құрамына Тараптардың шекаралық және өзге де ведомстволарының өкілдері енгізіледі .

Орыс тілі топтастықта жұмыс тілі болып табылады.

2.14. Біріккен штаб дағдарыстық жағдайды реттеу (жою) іс-шараларын жоспарлау

ж ә н е

о р ы н д а у

к е з і н д е :

дағдарыстық жағдайды реттеу (жою) бойынша іс-шараларды әзірлеуге;
өзара іс-қимыл жоспарын бірлесіп анықтауға, оның орындалуын ұйымдастыруға;
өзара ақпарат алмасуды жүзеге асыруға;
дағдарыстық жағдайды реттеуге (жоюға) қатысатын Тараптардың шекаралық және өзге де ведомстволары құралымдарының іс-қимылын үйлестіруге және олардың арасында тығыз өзара іс-қимылды ұйымдастыруға;
дағдарыстық жағдайды реттеу (жою) бойынша іс-шаралардың жан-жақты қамтамасыз етілуін ұйымдастыруға;
қабылдаушы Тарапты дағдарыстық жағдайды реттеу (жою) бойынша өткізіліп отырған іс-шаралар туралы уақтылы хабардар етуге;
топтастықтың күштері мен құралдарын дағдарыстық жағдайдағы іс-қимыл дайындығына келтіруге міндетті.

2.15. Қабылдаушы Тараптың келісімімен оның аумағында бөлінген жергілікті жер учаскелері (аудандары) және объектілері шегінде алға қойылған міндеттерді орындауға байланысты командалық-штабтық және әскери оқу-жаттығулары, жедел және жауынгерлік дайындық бойынша басқа да іс-шаралар өткізілуі мүмкін.

Бұл ретте аудандарды, оқу-жаттығулардың тәртібі мен өткізілу уақытын, қатысушы құралымдардың санын, олардың қозғалу бағыттарын, жауынгерлік атыс кезеңдерін, қауіпсіздік аймақтарын, экологиялық және басқа да мәселелерді топтастық басшысы (қолбасшысы) қабылдаушы Тараптың құзыретті органдарымен бірлесе отырып келіседі.

Бұл іс-шараларды бөлінген аудандар мен объектілерден тыс жерлерде өткізуге тек қабылдаушы Тараптың құзыретті органдарымен келісім бойынша ғана рұқсат етіледі.

2.16. Дағдарыстық жағдай туындаған кезде Тараптар жедел (кезекшілік) қызмет ж е л і с і б о й ы н ш а :

дағдарыстық жағдайдың туындаған күні мен уақыты (Мәскеу);
дағдарыстық жағдайдың туындаған орны (шекаралық бірлестік (құрама) учаскесі, өңірі, республикасы, өлкесі, облысы, елді мекені);
дағдарыстық жағдайдың туындау себебі;
дағдарыстық жағдайдың таралу аймағы;
дағдарыстық жағдайды реттеуде (жоюда) тартылған күштер мен құралдар туралы х а б а р л а й д ы .

Қабылданған шешімдер туралы және өзара іс-қимыл жоспарларын қолданысқа енгізу жөніндегі өзара ақпарат алмасу жүзеге асырылады және Тараптардың құзыретті органдарына баяндама ұсынылады.

2.17. Қабылдаушы Тарап жеке құрамды, техниканы, қару-жарақты, арнайы құралдар мен қамтамасыз ету материалдарын жеткізу үшін қажетті жағдайлар жасайды, топтастықты қабылдау және орналастыру, сондай-ақ оны аэродромдармен, орналасу

пункттерімен, теміржолдық кірме жолдармен, көлікпен, пошталық және басқа да байланыс түрлерімен, тамақпен, электр энергиясымен, сумен тегін қамтамасыз ету бойынша қойылған міндеттерді орындау үшін қажетті көлемде коммуналдық-тұрмыстық және медициналық қызмет көрсетуді жүзеге асырады, топтастыққа есеп айырысу-кассалық қызмет көрсетілуін толық көлемде қамтамасыз етеді және топтастықтың бөгетсіз өту мәселелерін Тараптармен келіседі.

2.18. Тараптар өз аумақтары бойынша белгіленген орындарына Тараптардың құралымдары мен жүктерінің бөгетсіз қозғалуын, сондай-ақ оларға алдын ала өтінімдері негізінде теміржол, автомобиль, теңіз, өзен және әуе көлігі мен көлік коммуникацияларының бірінші кезекте берілуін қамтамасыз етеді.

Тараптар құралымдары авиациясының ұшулары әскери басқарма органдарымен, әуе қозғалысы басқармасы органдарымен және қабылдаушы Тараптың әуе бақылау органдарымен келісілген бағыттар бойынша, сондай-ақ аймақтарда (аудандарда) орындалады. Әскери және азаматтық аэродромдарда қабылдауды, аэродромдық қамтамасыз етуді және әскери әуе кемелерін күзетуді Тараптардың аэродромдық қызметтері тегін жүзеге асырады.

Тараптар құралымдары корабльдері мен кемелерінің суларда жүзуі және олардың қабылдаушы Тараптың кемежайларында болуы, қалыптасқан жағдайды көре отырып, қабылдаушы Тарап белгілеген тәртіппен, қойылған міндеттерді орындау қажеттігін есепке ала отырып, жүзеге асырылады.

Топтастық құралымдарының қабылдаушы Тараптың аумағына өтуі қабылдаушы Тарап құзыретті органының арнайы рұқсаты негізінде жүзеге асырылады.

Топтастықтың немесе оның жекелеген құралымдарының қабылдаушы Тараптың аумағы бойынша өтуі қабылдаушы Тараптың құзыретті органының бақылауымен жүзеге асырылады.

Топтастықтың немесе оның жекелеген құралымдарының Тараптар болып табылмайтын мемлекеттердің аумағы бойынша транзиттік өтуінің тәртібі мен шарттарына байланысты мәселелерді сұраушы Тарап олардың аумақтары бойынша транзит жүзеге асырылатын мемлекеттермен шешеді.

2.19. Қабылдаушы Тарап өз мемлекеттік шекарасының орны, уақыты және өту тәртібі туралы басқа Тараптарды жазбаша хабардар етеді және өз аумағы бойынша әскери эшелондардың, әуе және теңіз (өзен) кемелері мен корабльдерінің, белгіленген ауданға немесе транзитпен бара жатқан жеке құрамы, техникасы, қару-жарағы және өзге де материалдық-техникалық құралдары бар автомобиль лектерінің бөгетсіз және тегін өтуі үшін қажетті жағдайларды жасайды, сондай-ақ инфрақұрылым объектілерінің орналасуын және пайдалануын тегін қамтамасыз етеді.

Дағдарыстық жағдайды реттеу (жою) бойынша іс-шаралардың өткізілу тиімділігі мен жеделдігін арттыру мақсатында Тараптар дағдарыстық жағдайды реттеу (жою) орнына бара жатқан топтастық құралымдарының мемлекеттік шекарадан өту кезінде

ұлттық заңнамамен белгіленген рәсімдерінің жеделдетіліп орындалуын қамтамасыз е т е д і .

2.20. Топтастық құралымының басшысы Тараптың мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пунктінде осы Тараптың құзыретті органы растаған жеке құрамның атаулы тізімін, қару-жарак пен әскери техникасының, арнайы құралдары мен материалдық-техникалық қамтамасыз ету құралдарының тізбесін көрсетеді.

Топтастық құралымдарының әскери қызметшілері Тараптардың мемлекеттік шекарасынан өту кезінде өз ұлттық құралымдарының әскери киімдерін киюлері қажет. Әскери техника тіркеу нөміріне қосымша оның мемлекеттік тиістілігін көрсететін анық көрінетін белгімен жабдықталуы тиіс.

Топтастық құралымының жеке құрамы қабылдаушы Тараптың мемлекеттік шекарасынан, олардың жеке басын және топтастыққа тиістілігін куәландыратын жіберуші Тараптың заңнамасымен белгіленген құжаттарды көрсету бойынша етеді.

2.21. Тараптың мемлекеттік шекарасынан өтетін және дағдарыстық жағдайды реттеу (жою) орнына және одан кері қайтып бара жатқан топтастық құралымының жеке құрамы осы Тараптың заңнамасына сәйкес тек қана жеке пайдалануға арналған тауарларды алып өтуі кезінде кедендік және өзге де жиындардан босатылады.

Тараптың мемлекеттік шекарасынан өтетін және дағдарыстық жағдайды реттеу (жою) орнына және одан кері қайтып бара жатқан топтастық құралымының қару-жарағы мен әскери техникасы, материалдық-техникалық қамтамасыз ету құралдары кедендік және өзге де жиындардан босатылады.

2.22. Топтастық басшылығының сәйкестендіру құралдарымен қамтамасыз етілген қызметтік құжаттар (хат алмасу) тексерілмейді. Осы құжаттарды жеткізуші курьерде, оның өкілеттілігін растайтын және қамтамасыз ету түрінде салынған құжаттар саны туралы мәліметтері бар өкімі болуы тиіс. Өкімді уәкілетті тұлғалар растайды, ол туралы мәліметтер Тараптардың шекаралық ведомстволарына және кедендік органдарына беріледі.

III. Бірлескен іс-шараларды аяқтау және даулы мәселелерді шешу тәртібі

3.1. Дағдарыстық жағдайды тоқтатуға, жоюға және тұрақтандыруға бағытталған келісілген кезек күттірмейтін ұйымдастыру және тәжірибелік шаралар кешені орындалғанда дағдарыстық жағдайды реттеу (жою) бойынша іс-шаралар аяқталды деп е с е п т е л е д і .

3.2. Дағдарыстық жағдайды реттеу (жою) бойынша іс-шаралардың аяқталғандығы туралы шешімді сұраушы Тараптармен келісім бойынша қабылдаушы Тарап қ а б ы л д а й д ы .

Топтастықтың басшысы дағдарыстық жағдайды реттеу (жою) бойынша іс-шаралардың аяқталғандығы, Біріккен штабты тарату туралы тиісті бұйрық шығарады және ол туралы Тараптардың құзыретті органдарын хабардар етеді.

3.3. Қабылдаушы Тарап жеке құрамның, техниканың, қару-жарактың, топтастық

құралымдарының арнайы құралдары мен қамтамасыз ету материалдарының жөнелтілуін қамтамасыз етеді.

Топтастық құралымдарының пайдаланылмаған арнайы құралдары мен қамтамасыз ету материалдары дағдарыстық жағдайды реттеу (жою) бойынша іс-шаралар аяқталғаннан кейін қабылдаушы Тараптың аумағынан шығарылуы тиіс.

Егер ерекше жағдайларға байланысты арнайы құралдар мен қамтамасыз ету материалдарын шығаруға мүмкіндік болмаса, онда мүдделі Тараптардың құзыретті органдары өзара уағдаластық негізде оларды қабылдаушы Тарапқа тапсыра алады.

3.4. Дағдарыстық жағдайды реттеуге (жоюға) байланысты міндеттерді орындау кезінде жеке және заңды тұлғаларға келтірілген өліміне, дене зақымдарына және жеке тұлғаның еңбекке қабілеттілігін жоғалтуына байланысты, сондай-ақ оның жылжымайтын мүлкіне, табиғи қорына, мәдени және тарихи құндылықтарына келтірілген залалдың орнын толтыруға қатысты қабылдаушы Тарап жіберуші Тарапқа және топтастық басшылығына қандай да бір шағым айтып, талап етуден бас тартады.

3.5. Топтастық қабылдаушы Тараптың аумағында уақытша болу кезеңінде оның пайдаланатын жылжымайтын мүлкінің, табиғи ресурстарының, мәдени және тарихи объектілерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

Қабылдаушы Тарап пайдаланатын жылжымайтын мүліктің сақталуына, сондай-ақ әскери құралымдарының орналасу (орнын ауыстырып орналастыру) аудандарындағы экологиялық қауіпсіздік нормаларының сақталуына топтастық басшылығы жауапты болады.

Құрылымның мандатпен келісілген, міндеттердің орындалуына байланысты емес, қабылдаушы Тараптың жеке тұлғаларына, жылжымалы және жылжымайтын мүлкіне келтіруі мүмкін залалдың орны мүдделі Тараптар арасындағы уағдаластық бойынша, ал қайшылық туындаған кезде осы Ереженің 3.7-тармағына сәйкес толықтырылады.

Әкелінген арнайы құралдар мен қамтамасыз ету материалдарының жоғалуына, толық немесе ішінара жойылуына байланысты шығыстарды қосқанда, топтастықты құрған сұрау салушы Тараптардың шыққан шығыстарының орнын толықтыру тәртібі, мүдделі Тараптардың арасындағы уағдаластық бойынша белгіленеді.

3.6. Егер Тараптардың біреуі топтастыққа кіретін құрылымдардың әрекеттерімен келтірілген залалды, басқару органдарына қойылған міндеттерге баламасыз деп есептейтін болса, онда туындаған келісе алмаушылықты мүдделі адамдар 3.7-тармаққа сәйкес шешеді.

3.7. Осы Ережені қолдану немесе түсіндіру кезінде пайда болатын даулы мәселелер консультациялар мен мүдделі Тараптардың келіссөздерін өткізу жолымен шешіледі.

Даулы мәселелерді шешу үшін келістіруші комиссия құрылады, оның құрамына әрбір Тараптардың өкіддері және топтастық басшылығының өкілдері тағайындалады. Келістіруші комиссия Тараптар белгілеген өкілеттіктер шегінде іс-қимыл жасайды.

Тікелей келіссөздер және келістіруші комиссия жұмысының барысында

шешілмейтін барлық даулар шешу үшін Хаттамаға қатысушы мемлекеттердің басшыларына жолданады.

IV. Топтастықтың мәртебесі

4.1. Топтастықтың жеке құрамы көпшілік мақұлдаған ұстанымдар мен халықаралық құқық нормаларын, халықаралық шарттарды, сондай-ақ қабылдаушы Тараптың заңнамасын сақтайды.

4.2. Дағдарыстық жағдайды реттеу (жою) бойынша іс-шараларды өткізу кезінде қабылдаушы Тарап топтастықтың жеке құрамына өтемақы төлейді және олардың отбасы мүшелеріне оның заңнамасында қарастырылған тәртіппен және мөлшерде жаралануына, мертігуіне немесе қайтыс болуына байланысты шығыстардың орнын толтырады. Бұл орайда топтастықтың жеке құрамына және олардың отбасы мүшелеріне қатысты топтастықты құрған жіберуші Тараптың заңнамасымен белгіленген жеңілдіктер, кепілдіктер және өтемақылар сақталады.

4.3. Тараптардың әрқайсысы топтастық жеке құрамының құқықтық жағдайын құрметтейді және оған көпшілік мойындаған қағидалар мен халықаралық нормаларға сәйкес оған азаматтық құқықтар мен еркіндіктердің барлық толықтығын қамтамасыз етеді, олардың қойылған міндеттерді орындауларын қиындататын әрекеттерге жол бермейді, өз аумағы шегінде оларға қатысты ескерту және кез келген құқыққа қарсы әрекеттердің жолын кесу шараларын қосқанда, топтастық жеке құрамының қауіпсіздігі мен қорғалуын, қару-жарағын, әскери техникасы мен материалдық-техникалық құралдарын, құрылымдардың құжаттамалары мен ресми ақпараттарын қамтамасыз етуге арналған топтастық басшысымен (қолбасшысымен) келісілген барлық қажетті шараларды қолға алады.

4.4. Тараптар топтастықтың қабылдаушы Тараптың аумағында уақытша болуына байланысты, заң құзыреті мәселелерінде мынадай қағидаларды басшылыққа алады:

топтастықтың жеке құрамы сыртқы шекараларда дағдарыстық жағдай туындаған кездегі Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттері шекаралық әскерлерінің өзара іс-қимылы туралы 1996 жылғы 17 мамырдағы Келісім шеңберінде, қызметтік міндеттерді орындау кезінде жасалған іс-қимылдарға (қимылсыздыққа) қатысты қабылдаушы Тараптың заң құзыретінен босатылады;

топтастық жеке құрамының қабылдаушы Тараптың заң құзыретіндегі иммунитеті оны жіберуші Тарап заң құзыретінен босатпайды.

Душанбе - 05.10.2007

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттері басшыларының Кеңесі отырысындағы күн тәртібінің 4-тармағы бойынша

Беларусь Республикасының түсіндірмесі

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің шекаралық және өзге де ведомстволарының сыртқы шекараларда дағдарыстық жағдайлар туындаған

кезде және оны реттеуде (жоюда) көмек көрсетуде өзара іс-қимылды ұйымдастыру жөніндегі ережені бекіту туралы Хаттама туралы

2007 жылғы 5 қазан

Душанбе қаласы

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің шекаралық және өзге де ведомстволарының сыртқы шекараларда дағдарыстық жағдайлар туындаған кезде және оны реттеуде (жоюда) көмек көрсетуде өзара іс-қимылды ұйымдастыру жөніндегі ережені бекіту туралы Хаттамаға, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығында бейбітшілікті қолдау жөніндегі Ұжымдық күштер қызметкерлерінің әлеуметтік және құқықтық кепілдіктері туралы келісімге

"Беларусь Республикасы өз аумағы шегінен тыс дағдарыстық жағдайлардағы аудандарға шекаралық және өзге де құралымдарды жібермейді"

Президенті

*Беларусь Республикасының
А. Лукашенко*